



Басты бет / Заңнама / Заңнама

2014 - 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 148-V Заңы.

← Қайта оралу

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы Заң 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

1-бап. 2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2014 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 6 034 033 073 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша – 3 813 306 986 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер бойынша – 119 352 289 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 7 752 678 мың теңге;
 - трансферттер түсімдері бойынша – 2 093 621 120 мың теңге;
- 2) шығындар – 6 574 979 147 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 46 577 958 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 118 743 399 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 72 165 441 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 495 325 022 мың теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу – 496 575 022 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 1 250 000 мың теңге;
- 5) тапшылық – -1 082 849 054 мың теңге немесе елдің ішкі жалпы өнімінің 2,6 пайызы;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 1 082 849 054 мың теңге.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.11.2014 [N 247-V](#) Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

2-бап. 2014 жылға арналған республикалық бюджетте Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін 21 275 000 мың теңге сомасында және әскери полигондарды пайдаланғаны үшін 4 585 410 мың теңге сомасында жалдау ақыларының түсімдері көзделсін.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 31.03.2014 [N 182-V](#)

Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

3-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін 2014 жылға арналған бюджетке түсетін түсімдердің көлемі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4-бап. Тиісті бюджеттің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

1) бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық" коды бойынша – жер қойнауын пайдаланушылардың роялти бойынша берешегі, сондай-ақ салық режимі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша роялти;

2) бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша – бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударылып келген жарналар бойынша берешек, сондай-ақ автомобиль жолдарын пайдаланушылардың бұрын Жол қорына түсіп келген аударымдары.

Бұл ретте, салық режимі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер жоғарыда көрсетілген аударымдарды немесе әлеуметтік салықты "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдардың сомасына азайтады;

3) "Өндірушілер көтерме саудада өткізетін, өзі өндіретін бензин (авиациялық бензинді қоспағанда)" коды бойынша – бұрын Жол қорына түсіп келген бензиннен алынатын алым бойынша берешек;

4) "Өндірушілер көтерме саудада өткізетін, өзі өндіретін дизель отыны" коды бойынша – бұрын Жол қорына түсіп келген дизель отынынан алынатын алым бойынша берешек.

5-бап. Жұмыс берушілер еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге есептеген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген жәрдемақы сомаларының аталған қорға аударымдардың есептелген сомасынан асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 4 пайызы шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне жатқызылады.

6-бап. 2014 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден, Алматы қаласының бюджетінен республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемі 132 020 646 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Атырау облысынан – 51 211 260 мың теңге;

Маңғыстау облысынан – 10 079 859 мың теңге;

Алматы қаласынан – 70 729 527 мың теңге.

7-бап. 2014 жылға арналған республикалық бюджетте Ақмола, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының облыстық бюджеттерінен орта білім беруде жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу бойынша сынама лауды өткізу үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес орта білім беру ұйымдарында білім

беру процесін жүзеге асыруға көзделген шығыстарды беруге байланысты 6 600 474 мың теңге сомасында трансферттер түсімдері көзделсін.

8-бап. 2014 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферттің мөлшері 1 480 000 000 мың теңге сомасында көзделсін.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 31.03.2014 [N 182-V](#) Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

9-бап. 2014 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында айқындалған мақсаттарға 475 000 000 мың теңге сомасында нысаналы трансферт көзделсін.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.11.2014 [N 247-V](#) Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

10-бап. 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері – 19 966 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері – 9 983 теңге;
- 3) зейнетақының ең төменгі мөлшері – 20 782 теңге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 1 852 теңге;
- 5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 19 966 теңге болып белгіленсін.

2014 жылғы 1 сәуірден бастап:

- 1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері – 10 450 теңге;
- 2) зейнетақының ең төменгі мөлшері – 21 736 теңге болып белгіленсін.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 31.03.2014 [N 182-V](#) Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

11-бап. Зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы жөніндегі мемлекеттік кепілдіктерін алушының зейнетақы төлемдеріне құқықты иемденуі кезіндегі инфляцияның деңгейін ескере отырып орындау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 027 "Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қамсыздандыру" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.11.2014 [N 247-V](#) Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

11-1-бап. 2014 жылғы 1 сәуірден бастап зейнетақы төлемдерін арттыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 027 "Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қамсыздандыру" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. Заң 11-1-баппен толықтырылды - ҚР 31.03.2014 [N 182-](#)

V Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 07.11.2014 **N 247-V** Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

12-бап. 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленсін.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.11.2014 **N 247-V** Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

12-1-бап. 2014 жылғы 1 сәуірден бастап, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмыскерлерінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік кәсіпорындардың жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақысына ерекше еңбек жағдайлары үшін 10 пайыз мөлшерінде ай сайынғы үстемақы белгіленсін.

Ескерту. Заң 12-1-баппен толықтырылды - ҚР 31.03.2014 **N 182-V** Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

13-бап. 2014 жылға арналған республикалық бюджетте республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана қаласының бюджетіне берілетін субвенциялар көлемі 978 095 805 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Ақмола облысына – 64 076 449 мың теңге;
Ақтөбе облысына – 29 375 815 мың теңге;
Алматы облысына – 121 290 353 мың теңге;
Шығыс Қазақстан облысына – 93 509 287 мың теңге;
Жамбыл облысына – 95 698 341 мың теңге;
Батыс Қазақстан облысына – 36 321 405 мың теңге;
Қарағанды облысына – 50 464 021 мың теңге;
Қостанай облысына – 63 071 219 мың теңге;
Қызылорда облысына – 83 978 668 мың теңге;
Павлодар облысына – 21 509 170 мың теңге;
Солтүстік Қазақстан облысына – 59 913 017 мың теңге;
Оңтүстік Қазақстан облысына – 254 747 394 мың теңге;
Астана қаласына – 4 140 666 мың теңге.

14-бап. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне:

1) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
2) Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған "Агробизнес-2020" **бағдарламасы** шеңберінде өңірлерде агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдауға;

3) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;
4) 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге;
5) халықты әлеуметтік қорғауға және оған көмек көрсетуге;
6) "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы шеңберінде өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауға;

7) ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауызсу беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға;

8) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға;

9) көліктік инфрақұрылымның басым жобаларын қаржыландыруға;

10) 2014 жылғы 1 сәуірден бастап, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмыскерлерінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік кәсіпорындардың жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақысына ерекше еңбек жағдайлары үшін 10 пайыз мөлшерінде ай сайынғы үстемеақы төлеуге;

11) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

12) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік **бағдарламасын** іске асыруға;

13) техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының оқу- өндірістік шеберханаларын, зертханаларын жаңартуға және қайта жабдықтауға;

14) үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға;

15) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайтуға;

16) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді жан басына шаққандағы қаржыландыруды **сынамалауға**;

17) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға;

18) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін **қамтамасыз етуге және кеңейтуге**;

19) жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын **материалдық-техникалық жарақтандыруға**;

20) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға;

21) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды **қолдауға** 2014 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу және (немесе) оларды пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 31.03.2014 **N 182-V** Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

15-бап. Мынадай:

1) ауыл шаруашылығын қолдауға берілетін кредиттер (лизинг) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу;

2) қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін **субсидиялау**;

3) **кәсіптік стандарттарды** әзірлеу;

4) "Қарағандышахтататарату" республикалық мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорнына берілген, таратылған шахталардың жұмыскерлеріне келтірілген залалды өтеу бағыттары бойынша іске асырылатын қаражатты бөлу және (немесе) оны пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 31.03.2014 **N 182-V** Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

16-бап. Мынадай: